

“Жамбыл облысында төтенше жағдайды енгізу туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 735 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 8 қаңтардағы № 752 Жарлығы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. “Жамбыл облысында төтенше жағдайды енгізу туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 735 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақтың екінші бөлігінде “Жамбыл облысы Полиция департаментінің бастығы Жанат Қуанышұлы Сүлейменов” деген сөздер “Жамбыл облысы Полиция департаменті бастығының міндеттерін атқарушы Бақыт Тілеулесұлы Ратаев” деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ